



Алғабас ауылдық округі - 1963 жылы ақпан айында бұрынғы үш колхоздың ізінде (Киров, Алғабас, 1-Май) Алғабас совхозы болып құрылды. Құрылған жылы 5 бөлімше – Тегісжол, Қарағай, Жаңажол, Бесоба, Тоған елді мекендері орналасқан. Аудан орталығы – Чапаевтан солтүстік батысқа қарай 75км жерде.

Тұрғын саны 1,3 мың адам.

Алғабас ауылдық кітапханасы.



Алғабас ауылдық кітапханасы мәдениет үйі ғимаратының 25 кв.м көлеміне орналасқан.

Аудан құрылған кезден бастап, 1930 жылдардан ауылда ашылған бастауыш мектеп жанынан білім бөлімінің қарауында «қызыл отау» ашылған болатын, ол ауыл тұрғындарының сауатын көтеру бағытында жұмыстардың басы-қасында болып, мектеп мұғалімдерімен бірлесе отырып әртүрлі бағытта қызмет атқарды.

1950 жылдың 6 шілдесінен **К.Мерғалиев** осы ауыл кітапханасында меңгеруші қызметіне қабылданды.

Алғабас ауылының орталық кітапханасы (бұрынғы Киров колхозы, Вологин ауылы) 1953 жылдан мәдениет бөлімінің қарауында болып, ауыл тұрғындарына қызмет көрсетіп келеді. Сан ақын -жазушылар тоқтаған бұл кітапхананың сырлы шежіресі тереңнен тамыр тартқан.

1955 жылы мәдениет бөлімінің № 92 бұйрығы бойынша Киров ауылындағы қызыл отау кітапханашысы болып **Г.Есенғалиева** қызметке қабылданған.

Матыбаев Серік кітапхана саласына еңбегі сіңген жандардың бірі.

1956-1963 жылдар арасында еңбек етті. Алғабас ауылдық советі наклондой арқылы 200 сом бөліп, сол ақшаға кітапханаға қажетті кітаптарды Орал қаласынан кітап дүкенінен сатып алып кітапхананың негізгі қорын жинақтады. Ол кезде күнделікті жұмыс түрі ауыл еңбеккерлеріне мәдени шараларды дала қостарына, шопандар қыстағына барып, кино көрсетіп түрлі насихат жұмыстарын



жүргізіп отырды. Кітапханашы, жастардың қазіргі заманға деген құштарлығын арттыра түсу мақсатында В.И.Лениннің өмірімен қызметі туралы әдебиеттерді насихаттауды, Коммунистік партия мен совет халқының тарихи-революциялық және ерлік дәстүрлері туралы, комсомолдың еңбектегі жетістіктері мен ерлік істері және тарихы туралы Ұлы отан соғысындағы Қазақстандық батырлар туралы, Советтік Қазақстанның жетістіктері туралы баяндайтын әдебиеттерді, мақалаларды, насихаттап отырды.

Сол кезде 4800 дана кітап қоры жинақталып, 390 тұрақты оқырманы болған.

Жастар арасында ғылыми атеистік насихатты күшейтудің маңызы көпшілік жұмыстардың тиімді түрлерін қолданып «Дін туралы шындық» оқу жоспарын құрып, «Ғылым және дін» атты ауызшы журнал (суретте) өткізді. Кітапхана өміріндегі оқырмандар үшін жасалатын көпшілік жұмыстарды Серік ағай жұмыстан соң кітап көрмесін, кітапхана плакаттарын, жарқағаздарын жасақтау арқылы қолға алатын.

Көпшілігі әдеби кітаптар, классиктердің: Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке», Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін», С.Сейфуллиннің «Таржол, тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Ботагөз» романдары жастардың қолдан түсірмей оқитын қызықты әдебиеттеріне дауыстап оқу, пікір алмасу т.б шаралар арқылы оқырман сұраныстарын қанағаттандырып отырды. Осы жылдар ішінде Серік ағай кітапханашы мамандығының дәрежесін шындау бағытында Облыстық кітапханадағы кітапханашылар курстарына қатынасып отырды.



1963-1970 жылдары **Тамқуранова Гүлжамал** Орал қаласындағы Облыстық кітапхана жанындағы кітапханашы курсы бітіріп, маман ретінде кітапхананың жұмысын жандандырып, ішкі безендірілуіне өзіндік үлес қосты. Ол тек кітапханашы шеңберінде қалып қоймай, совхоз өміріндегі барлық жұмыстарға қатынасып оны өткізуге көмектесіп отырды. Тың жердің даңқты он жылдық мерекесіне арналып жасалған кітап көрмесіне және ауыл шаруашылық өндірісіне көмекші: «Сауыншы сен білесіңбе?», «Егер сіз еңбек өнімділігін

арттыра түскіңіз келсе», деген т.б плакаттарға көп көңіл аудара отырып, кітапхана ісіндегі жаңашылдықты көрсете білді. Міне, осылайша кітапхана совхоздың қайнаған өмірінен өзінің тиісті орнын алды.

1970-1972 жылдары **Төлегенова Марзия** жұмыс жасады. Өз жұмысына жаңашылдық енгізу бағытында 23 ақпанда-Ұлы Отан соғысы



ардагерлеріне, 8 наурызда-халықаралық әйелдер мерекесіне арналған «Көгілдір от» мерекесін ұйымдастыруды дәстүрге енгізе білді.

1972-1984 жылдары **Ахметжанова Балзира** үгіт-насихат жұмысында, әсіресе жаңа кітаптармен қамтамасыз етуде өзіндік із қалдырды. Кітапхана қоғамдық рухани байлықтардың, адамзат ақыл -ойының қазынасы. Оның нәр алар көзі – коммунистік көзқарастың негізі- К.Маркс, Ф. Энгельс, В.И. Ленин еңбектері. Кітапхана ісінің басты бағытымен нысанасы адамзат ойының ең асыл нәрі болып табылатын сол әдебиеттерді кеңінен үзбей насихаттауда Балзира «Под знаменем октября», «КПСС тің XXVI съезін қарқынмен қарсылайық» шараларын (суретте) нәтижелі ұйымдастыра білді.

Барлық прогрессшіл адамзат Карл Маркстің туғанына 165 жыл атап өтті Балзира апайдың ұйымдастыруымен ұлы көсемнің мерейтойына арналған конференция, түрлі тақырыпта көрмелер ұйымдастырылды.

Ауыл шаруашылық науқан кезінде жұмысты жақсарту яғни көшпелі кітапхана жұмысын ұйымдастыруда «Механизатор сіздер үшін», «Молния», жарқағаздарын шығарды.

1984-1986 жылдары **Тайбағарова Жанат** жұмыс жасап, оқырмандармен тығыз байланыс орнатты. Оқырмандар конференциясы, дөңгелек үстел, әр түрлі тақырыптық кеш, кездесу кештерін ұйымдастыра отырып кітапхана жұмысында бір саты жоғары көтерді. Алфавиттік, жүйелік каталогтарды кәсіби жүргізе отырып округке қарасты Қарағай, Бесоба, Горбунов, Тельнов кішігірім кітапханаларына әдістемелік көмек көрсетіп отырды. Тайбағарова Жанат тұрғындар арасында белді насихатшы ретінде танымал болып қана қоймай, аудан кітапханашылары алдында беделді қызметкер саналды. Жыл қорытындысы бойынша мәдениетті «Үздік кітапханашы» атанды.

1987-1993 жылдары **Сисенгалиева Сәуле** кітапханада еңбек етті. Ол кездерде КПСС XXVII съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етіп жатқан село еңбеккерлеріне рухани күш беруде кітапхананың маңызы зор.

Селолық кітапхана ауыл еңбеккерлерінің жиі келетінін мәдениет орындарының біріне айналып отыруы кітапханашыдан да ұйымдастырушылық кәсіби шеберлікті талап етті. Осы бағытта «Айқын мақсат, асқаралы міндеттер» кітап көрмесін жасақтап, егіншілерге, шопандарға жылжымалы кітапханалық жұмыстар ұйымдастырды. Соның ішінде съезд шешімдерін жүзеге асыру мақсатында еңбеккерлерге социалистік міндеттерін орындауға серпін беретін насихат жұмыстарын жүргізе отырып Алғабас ауылындағы аға шопан С.Боранбаевтың әр жүз аналықтан 145 қозы алыуына байланысты да «Социалистік жарыстың барысы», «Совхоздың міндеттемесі» тақырыбында шаралар ұйымдастырды.



1994-1997 жылдар аралығында **Бисенова Мария** жұмыс жасаған жылдары Еліміз егемендік алып, барлық салаларда күрделі өзгерістер болды. Қалың бұқара арасында кітаптың маңызы мен ролін насихаттай отырып «Татулық пен саяси кұғын- сүргін құрбандарын еске алу» жылына орай И.Жансүгіровтың «Кұлагер» поэмасына, С.Сейфуллин, Б.Майлиннің кітаптарын насихаттай отырып көрме ұйымдастырылды. Республика күніне орай «Ел ертеңі бүгіннен» атты жар қағазы, Қазақстанның 2030 жылға арналған стратегиялық дамуына байланысты шаралар ұйымдастырып саяси ақпарат насихат жұмыстарын жүргізіп отырды. Кітапханашы қызметінен ауыл тұрғындары зор көмек көріп ақпарат бетіндегі жаңалықтарды кітапхана жанында ұйымдастырған «Ақпарат күндерінен» соңғы жаңалықтар мен танысып отыруды әдетке айналдырды. Сонымен қатар балалармен жасөспірімдерді кітапханаға көптеп тартуда А.Құнанбаевтың - 150 жылдығына орай жылдың төрт мезгіліне байланысты кітап көрмелері, әдеби қойылым, дауыстап оқу шараларын ұйымдастырды.

С.Бимағамбетовтің «Тарғыл мысық» кітабын балаларға насихаттау нәтежесінде жылдың ең көп оқылған кітабы болып анықталды.



1997 жылдан осы кезге дейін Алғабас ауыл кітапханасында **Шадыманова Сәуле** кітапханашы қызметін атқарып келеді. Тәжірибелі кітапханашы Сәуле өз ісіне адал, жауапкершілігі мол. Кітапханасы уақыт талабына сай жабдықталып, жаңа кітаптармен толықтырылып, үгіт-насихат жұмысының пәрменді болуы, кітаптардың саласына бөлінуі, безендірілуіне кітапханашы кәсіби дәрежесін ұдайы шындай отырады. Кітапхана-рухани байлық, ұлы ғұламалардың ақын жазушылардың жазып қалдырған мәңгілік ескерткіші жинақталған білім ортасы. Бүгінгі таңда кітапханада

15138 дана кітап қоры, тұрақты 756 оқырман бар. 15 дана әр түрлі мерзімді басылымдар алып, балалар мен жасөспірімдердің, жалпы оқырман қауымының рухани нәр алатын ақпарат көзі соңғы кезде кітапхана жаңа кітаптармен толықтырылуда. Ауылдық кітапхана, мәдениет үйі, мектеп, денсаулық сақтау саласы, әйелдер кеңесі, жастар ұйымы қызметкерімен тығыз байланыс жүргізе отырып, әр түрлі мәдени көпшілік шаралар өтуде. Ауылдың ұлағатты қарттарын кітапханалық шараларына қатысуын ұйымдастыра отырып мысалы: Ауылдың ақсақалы Шүйіншалиевтың шығармаларын жастар тәрбиесіне, өлкетану бағытында насихаттап отырады.



Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен 2007 жылы Алғабас ауыл кітапханасында «Кітапхананың қоғамдық ұйымдарымен және мекемелерімен қарым-қатынасы» атты зерделі кеңес (суретте) өтті. Оған ауданның, ауылдық округтердің кітапханашылары түгел қатысты. Бүгінгі таңда кітапхана еңбек етумен қатар, өзінің түрлі сала бойынша жинақталған кітап қорын насихаттап, оқырмандардың талап тілегін орындау мақсатында тынымсыз еңбектену үстінде. Әлемде қаншама ғылыми-техникалық ғарыштау заманы болып, ақпарат көздері көбейгенімен, адам жанына сұлулық пен парасатты, адамгершіліктің қарапайым қағидалары мен ізгілік нұрын сыйлар кітап әлемінің орны ерекше. Сонымен қатар кітапханада қариялар мен жүрулері қиын, нашар көретін, науқастарға кітаптарды үйге апарып беруді және аудандық кітапханамен тығыз байланыс жасай отырып көзі нашар көретін азаматтарға арнайы қызмет көрсету бағытында аудио кассетталарды алып, оқырмандарына тұрақты жеткізіп отырады. Кітапханашы Шадманова Сауле ұзақ жылғы қажырлы еңбегі ауыл тұрғындары арасында, кітапхана саласында да тәжірибелі жұмысы бағаланып грамота, алғыс хаттармен марапатталып жүр.

Бесоба ауылдық кітапханасы.



Бесоба ауылдық кітапханасы ОКЖ-нің баланстық есебіндегі кітапхана ғимаратында орналасқан. Жалпы көлемі- 23 кв.м

1972 – жылы 31 мамырдағы мәдениет бөлімінің № 29 бұйрығы негізінде Киров ауылы советіне қарасы № 4 бөлімшедегі Бесоба ауылында кітапхана ашылды. Бесоба ауылындағы 4-класстық бастауыш мектептің ғимаратында орналасқан.

1972 жылдың 1 маусымынан Орал қаласындағы Крупская атындағы облыстық кітапханадан жылдық курсы аяқтап шыққан **Батырова Ағилаш** жұмысқа қабылданды. (мәдениет бөлімінің 1972 жылғы 30 мамыр № 29 бұйрық пр.3). Аудандық советінің атқарушы комитетінің шешімі негізінде аудандық балалар кітапханасының балансынан Киров ауылдық советіндегі Бесоба ауылдық кітапханасына 3-үстел, 58 рубль, 150 дана кітап берілді. Сол кездегі саясатқа байланысты кітапхананың күнделікті ауыл еңбектеріне мәдени шараларды дала қоныстарында, шопандар қыстағында аралап газет-журнал кітаптарды жылжымалы кітапхана арқылы халыққа түрлі насихат жұмыстарын жүргізіп отырған.

1972 жылдан бастап **Бахтиярова Раушан Жұмағалиқызы** Бесоба ауылдық кітапханасында кітапханашы қызметін жалғастырады.

1974 жылы Раушан кітапхана саласында зор еңбегі үшін. Чапаев аудандық мәдениет бөлімінің құрмет грамотасымен марапатталды.

1976 жылы Чапаев ауданы комсомол мүшесі болып жастар арасында насихат жұмыс жүргізіп Бахтиярова Раушан үлгілі еңбек еткені үшін бағаланып, «Орал өңірі» газетіне шығарды.

Бесоба ауылында 2-егін, 5-пішен бригадалары жұмыс істеді. Сонымен ауыл айналасында 12 жерде малшы, шопандар қыстағы болды. Кеңестік шаруашылық науқандық жұмыстар кезінде далалық қосқа барып, механизаторларға КПСС-тің

съездері конференциялары, пленумдары таныстырып отырды. Далалық жұмыстар кезінде дала қостарына барып, «Найзағай», «Жауынгерлік беттер» Социалистік жарыстар жария болып. Кітап, газеттерді уақытылы жеткізіп отырды. Ауданның мәдени өмірі «Біздің де науқан» Мал азығын дайындау кезінде дала қостарында КПСС орталық комитетінің май, ноябрь пленумдарының шешімдерін жүзеге асыру барысы туралы үгіт насихат жұмыстарын жүргізген жұмыстағы еңбегін еленіп, Чапай аудандық мәдениет бөлімінің құрмет грамотасымен марапатталды.



Чапаев ауданы Комсомол мүшесі Раушан Бахтиярова «Еңбек серпіндері» газетінің суретшісі, кітапханашысы және әдебиетшісі. Ол мұнда тұтады. Бұл жылғы кітапханалық жұмыс бітірілген кәйіп кестелі.

Қазіргі таңда бесоба кітапханасында 6557 кітап қоры бар. Соның ішіндегі қазақ тіліндегі әдебиеттер саны - 3168. Кітапхана 10-дана басылымдарға жазылады.

Бесоба ауылдық кітапханасыны оқырман қауымға еліміздің саясатын, экономикасын ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауын насихаттап, «Қазақстан – 2030» стратегиясын және салауатты өмір салтын насихаттау бағытында жұмыстануда. Тілдерді дамыту мен қолданудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын насихаттауда кітапханада кітап көрмесін шығарып, көпшілік оқырманға жолдауда аталған өзекті мәселелер жайында пікір алмасып, насихат жұмыстары жүргізеді.



Бесоба ауылдық кітапханасы елімізде болып жатқан оқиғаларды халыққа хабардар қылуда, еліміздің кешегісі мен бүгінгісін таныстыруда жаңа әдебиеттерді өз жұмыстарын төменгідей негізде бағыттайды. Оқырман сұраныстарын қанағаттандыру уақыт өткен сайын кітапхананың кітап қоры жаңа

кітаптармен толығу үстінде. Адамдарды мәдени рухта тәрбиелеудің көркем

әдебиеттің алар орны ерекше екені баршаға мәлім. Көркем әдебиет оқырмандарды адамгершілікке, патриоттыққа, отанын сүйе білуге, шынайы сезімге, адалдыққа баулиды. Елімізде жүргізіліп отырған бағдарламаларды насихаттай отырып, кітапхана түрлі тақырыптарда көпшілік оқырмандар арасында бастауыш мектеп оқушылармен түрлі шаралар өткізіп отырды.

Бесоба кітапханасында түрлі тақырыптарды қамтитын кітап көрмелері шығарылды. Атап айтап болсақ: «Менің елім Қазақстан», «Нұр Отан болашақтың партиясы», «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан», «Ақжайық ауданының қаламгерлері»,



«Қазақстан болашағы қазақ тілінде», «Мемлекеттік тіл елдің айнасы», «Желбіре жеңіс жалауы», «Табиғат ел байлығы», «Денсаулығыңды қорғай біл», «Ертегілер әлемі», «Кітапхана қасиетті шаңырақ», «Жаңа кітаптар».

Газет қиындыларының тақырыптық папкілері жинақталған. Д.А.Қонаевтың 65- жылдығына, ел президентінің 2007 жылғы Қазақстан халқына жолдауы. «Тіл тазалығы, ой тазалығы», «Тілден артық қазына, тілден артық қасиет жоқ» - деген тақырыпта кітапханада көпшілік шаралардың фотолары жапсырылған



альбомдар, газет мақалаларының жиынтығы папкалар сақталған. Сонымен қатар кітапхана ауылдағы басқа да қоғамдық жұмыстарға белсене араласады.



2006 – жылғы Бесоба елді мекеніне ұзақ жылдар мәдениет саласына жемісті еңбек етіп, ауылымыздың көркеюіне үлес қосқаны үшін Алғабас ауылы әкімінің Алғыс хатына ие болды. Кітапхана мектеппен тығыз

байланыста отырып, кітапханада өтетін түрлі әдеби мерекелер, дөңгелек үстелдер, кездесулер, ертеңгіліктер т.б.

Әдеби шаралар қатысушылар мен тыңдаушылардың көрермендердің бастарын біріктіріп, насихаттаудың тығыз орталығы кітапхана болып табылады.

Жазғы демалыс кезінде бастауыш сынып оқушыларымен «Ертегілер еліне саяхат», «Сен білесің бе?» ертеңгілік «Табиғат туған үйіміз»,



«Денсаулық зор байлық» т.б. Танымдық ойын өткізіп отырады. «Кітапхана мәдениет пен білім орталығы» жастармен кездесу. «Ауылдың болашағы – жас ұрпақтың қолында» дөңгелек үстел.

«Мамандығым мақтанышым» көпшілік оқырмандармен кездесу. «Туған өлкем неткен көркем» пікір алмасу. «Ақыл – ойдың айдыны»

Әдеби кештер өткізілді. Ауыл тұрғындарына кітапханалық қызмет көрсету жұмыстың әдісі мен түрлерін жетілдіру мақсатында «Бір ауылдан түлеп шыққан жастар едік» сұхбат кешін өткізді. Ауылдық кітапхана – ауыл интеллигенциясын, зейнеткерлерді, көп балалы отбасы, балалар және жасөспірімдерді біріктіретін рухани қарым-қатынас, өзара түсінік орталығына айналуы тиіс. Ауыл алтын бесік. Небір дарабоз таланттар, дүр дарындар, данышпандар мен даналар, көсемдер мен кемеңгерлер, әділдіктің қара қылын қақ жарған билер мен от тілді шешендер ауылда дүниеге келіп, қасиетті топырақта кіндік қаны тамды. Ауылда туып, ауылда өскен бүгінгі елімізде белгілі адамдарды жалпы оқырман қауымға насихаттау – кітапханашылардың міндеті.

Кітапхана – рухани байлық ұлы ғұламалардың жазып қалдырған мәңгілік ескерткіш жинақталған білім ордасы рухани байлықты насихаттауда кітап оқуға шақырады мақсат еткен мәдени іс-шаралар кітапханада жыл бойына үзіліссіз жалғасын тауып келеді.

Кітапхана мектеппен тығыз қарым-қатынаста. Кітапханада өткен шаралардың бәрінде мектеп оқушылары қатысады. Жазушы М.Әуезовтың шығармашылығын әдеби кештер ұйымдастырып, Абай күндерін атап өтуде кітапхананың дәстүріне айналған. Кітапхана тек әдеби тақырыптарда ғана жұмыстанбайды салауатты өмір салтын насихаттауда, қалыс қалып жатқан жоқ. «СПИД – ғасыр дерті», «Нашақорлықтан сақтан» және басқа шаралар көптің көңілінен шыққаны сөзсіз. Мұнан басқа да қыз бала тәрбиесіне, адамгершілік, ата-аналық міндет пен балалық парыз және тағы да басқа тақырыптарда пікір таластар өткізілді. Балалардың жазғы демалыстарын тиімді пайдалану да.

«Табиғат әсемдік айнасы», «Қазақстан ортақ үйіміз» тақырыптарында шаралар өткізді. Қазақ тіліндегі әдеби кітаптармен қамту жылдан жылға жасқарып келеді.

2007 жылы Раушан Бахтиярова ақжайық аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жаңажол ауылдық кітапханасы.

*Жаңажол ауылдық кітапханасы
мәдениет үйі ғимаратының
50 кв.м көлеміне орналасқан.*

Жаңажол – бұрынғы Алғабас колхозының орталығы болып, (бұрынғы атауы Тельнов ауылы) негізінен ауылшаруашылығы өнімдерін өндірумен шұғылданды. Сол кезде көптеген пункттердің ішінде Белағаш, Жаңажол, Партнов тұрғындарының көпшілігі орыс ұлты болған. Ауыл тарихы туралы мәліметтер өте аз болғандықтан, үлкен кісілердің сөзінен ғана білуге болады.

1981 жылы 1 ақпандағы аудандық атқару комитетінің шешімімен Киров ауылдық Советіне қарасты Тельнов ауылында кітапхана ашылды. Алғашқы кітапханашы болып **Кубишева Алтын** еңбекке кірісіп , ауылдың тұрғындарына кітапханалық қызмет, рухани нәр беруші және елімізде болып жатырған саясатын насихаттап КПСС съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолында «Мал шаруашылығы селодағы екпінді майдан» стенд , плакат (суретте) шығарып тұрды. Сонымен қатар, науқандық жұмыстар сахман, егін жинау уақыттарында жаңа кітаптарымен мерзімді басылымдар «Найзағай» жар газетін шығарып, агитбригадаларға шығап насихат жұмыстарын жүргізді.

Аудандық кітапхананың дубликат кітаптары бөлініп ауыл тұрғындар көмегімен кітап қоры толықтырылды.

Тұрғындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, кітапхана саласы бойынша кәсіби білімін қызмет атқара жүріп аяқтаған . Кітап қорын сақтауда , оқырмандарға каталогпен жұмыс жасауда кітапханалық сабақтар жүргізіп отырды.



2003 жылдың шілде айынан бастап кітапханашы **Г.Әбдірахманова** жұмыс істеп келе жатыр оқырмандарына түрлі тақырыпта кітап көрмелер ұйымдастырып, насихат жұмыстар жүргізіп, Елбасының Жолдауларын насихаттап, ауыл мамандар арасында ақпарат күндер ұйымдастырып, кездесу кештер, дөңгелек үстелдер, балаларға ертеңгіліктер, дауыстап оқу, түрлі тақырыпта әдеби ойындар өткізіп отырады.

Қарағай ауылдық кітапханасы.

*Қарағай ауылдық кітапханасы
мектеп ғимаратының 40 кв.м
көлеміне орналасқан.*

Қарағай - бұрынғы 1-Май колхозының орталығы. Қарағай ауылдық кітапханасы 1936 жылы мектептің ғимаратында аудандық білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен сол кезде «Қызыл отау» деп аталып алғашқы кітапхана ашылды. Кітапхана қызметін алғашқы атқарған **Тулеуғалиев Хамит**, сол кездердегі үлкен мәселе сауатсыздықты жою бағытында ауылдың зиялы азаматы ретінде тұрғындарға түрлі бағытта үгіт насихат көпшілік шаралар ұйымдастырып, малшыларға, шопандарға, егіншілер орналасқан алыс нүктелерге барып, мерзімді басылым беттеріндегі жаңалықтармен таныстырып, әңгімелер, дауыстап оқу өткізіп отырған.

Партия әрқашан, совет адамдарын, жас ұрпақты ұлттық және интернационалдық міндет -мақсаттарды дұрыс түсінуге баулып, достық туысқандық рухында тәрбиелеуді бағыттап отырса сол кездегі кітапхананың басты мақсаты болашақ азаматты тәрбиелеу болып табылды.

1938-1968 жылдар аралығында, **Ихсанов Ғалым, Құсайынова Мадина** аға апаларымыз кітапханада жұмыс істеп ауыл тұрғындарына түрлі насихат жұмыстарын жүргізіп, шопандарға, сауыншыларға, егіншілерге түрлі тақырыпта көрме жасақтап шолу өткізіп отырды. Сонымен қатар, ауылдың тұрмысын көтеруге қолдарынан келгенше аянбай еңбек етті.



1950 жылдары Мәдениет бөлімінің қарауына кірген ауыл кітапханасын 1968 жылдан 1983 жылға дейін кітапханшы **Нұғманова Қырмызы** жалғастырып кітапхана ісіндегі жұмыстарды жандандырып, ішкі безендірілуіне өзіндік үлес қосты.

1983-2000 жылдары **Кубешева Алтын** үгіт-насихат жұмысында, сіресе ауыл шаруашылық жұмыстарын көбейту, жерді милиорациялаудың ұзақ мерзімді программасын жүзеге асыруда, КПСС съезд шешімдерін, В.И.Ленинның өмірі мен қызметі туралы әдебиеттерді насихаттауда өзіндік қолтаңбасымен қызметін атқара білді.

2000-2006 жылдар аралығында **Шамаева Райса, Мұқаналиева Тұрсын, Жұбанышева Айнагүл, Ихсанова Мейрамгүл** оқырмандар арасында түрлі көпшілік шаралар ұйымдастырып, кітап қорын сақтауда, анықтама-ақпараттық, библиографиялық жұмыс түрлерін енгізе отырып, оқырмандардың оқуын талдау жұмыстарын ұйымдастыра қызмет атқарды.



2007 жылдың наурызынан бастап жас маман **Шадманова Жамила** кітапханада еңбек етуде. Еңбек жолын 2006 жылы Жаңажол ауылдық кітапханасында бастап, 2007 жылы Қарағай ауылдық кітапханасында



жалғастыруда.

Кітапханада 207 оқырман бар, жалпы қоры-9224, соның ішінде қазақ тілінде 5109. Рухани байлықты насихаттауда, кітап оқуға шақыруда мақсат еткен мәдени іс- шаралар Қарағай ауылдық кітапханасында жыл бойына үзіліссіз өтуде. Елбасының Жолдауын насихаттау, Тәуелсіз еліміздің болашағы-білімді жастарды

тәрбиелеу, салауатты өмір салтын, халқымыздың ұлттық, салт-дәстүрімізді насихаттау жұмыстары жүргізіле отырып қоғамдық-саяси, мәдени ағарту, экономика және экология, денсаулық және спорт жаңалықтарымен кітапханадағы кітап көрмелері, көпшілік шаралар арқылы танысып отырады.

Тегісжол ауылдық кітапханасы

*Тегісжол ауылдық кітапханасы
мектеп ғимаратының
25 кв.м көлеміне орналасқан*

Тегісжол елді мекені әкімшілігіне қарайды. Алғабас

Ақжайық ауданының Алғабас ауылдық ауылының оңтүстігінде 6 шақырым қашықтықта орналасқан. Бұрынғы Киров колхозының ізіндегі егістік шаруашылығы дамыған, малға шұрайлы, жері құнарлы ауыл болған. Тегісжол ауылының ертедегі аты- Горбунов деген байдың атымен аталған.



Горбунов ауылдық кітапханасы 1974 жылы ашылып кітапхана қызметін **Сәуле Сундетова** атқарды. Ауыл кітапханасы мектептің ғимаратында орналасқан. Заманың ағымына сай кітапханада Лениндік оқулар, съезд шешімдерін насихаттай отырып еңбекшілер арасындағы социалистік міндеттемелер жарысын «Найзағай» жар ғазеттері,

үндеу арқылы кітапханашы тұрғындарға үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп отырды.

1997 жылдардан Горбунов ауылдық кітапханасында **Бисенғалиева Дәмелі** жұмыс жасап, оқырмандарын тауып ауыл тұрғындар арасында жоғары дәрежеде қызмет көрсетіп отыр. 2003 жылы 3 наурызынан Мәдениет



бөлімінің № 16 бұйрығының негізінде ауыл атаулары өзгеруге байланысты Горбунов ауылдық кітапханасы Тегісжол ауылдық кітапханасы болып өзгертілді. Қазіргі уақытта кітапханада 206 оқырман бар. Кітапхананың жалпы қоры -5949 соның ішінде қазақ тілінде 3213.

Өлкенің тарихына ерекше көз қарасын білдіртіп оқырман арасында өлке тарихын танытуда түрлі шаралар ұйымдастыруда.

Мыс:Ертеде Тегісжол ауылынан 1шақырым шамасында, солтүстігінде, сырты қоршаулы алма теректері болған. Өлкетану және өлкенің экологиясына, табиғатына көп



көніл аударған Дәмелі ауылдың жасөспірімдерін, қарияларды кітапханада өткен шараларға қатыстырып «Өз өлкеңді білесіңбе?» атты өлкетану сабағын өткізді. Шараға қатысқан қариялардың айтуы бойынша Қазіргі кезде ол ауылдың төмпешік орны ғана бар және сол кезден қалған шамамен 80-90 жыл жасаған 7 түп қарт теректер бар. Ең жуанының діңіне үш кісінің құшағы жетеді екендігін әңгіме қылып, теректің тарихын, алмасы өте дәмді, бір алмасы 450-500гр. салмақ тартып, облыс бойынша Логашкин алмасы бірінші орын алғанын суреттер (суретте) бойынша көрсете отырып оқырмандарға, ауылдың жастарына жеткізді.

Кітапхана жұмысында сонымен қатар кітапханада ауыл тұрғындар, мамандар, оқушылар арасында түрлі тақырыпта көпшілік шаралар ұйымдастырып, оқырмандарын елімізде болып жатқан өзгерістермен таныстырып отырады.



Кітапханашы Дәмелі А.Гайдар атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер

кітапханасының ұйымдастыруымен атақты ақын, қоғам қайраткері Ш.Бөкейдің 160 жылдығында орай семинарға қатынасып қайтты. Дәмелі әрдайым аудандық, облыстық семинар- кеңестерге қатынасып өз білімін шындап отырады .

2004 жылы Аудандық «Үздік кітапханашылар» байқауына қатысып «Шығармашылық қабілеті биік» дипломымен марапатталды. Жұмысын жақсы білетін, жаңа заман талабына сай оқырмандарға қызмет көрсету шеберлігін танытып жүрген Дәмелі 2006 жылы 15 қазан кітапханашылар күніне орай кітапхана саласындағы кәсіби шеберлігі үшін құрмет грамотасымен марапатталды. 2007 жылы Облыстық балалар және жасөспірім кітапханасының Х.Есенжановтың 100 жылдығына дайындаған байқауына қатынасып Дәмелі, әдістемелік құрал дайындап «Алғыс хатпен» марапатталды.

Тоған ауыл кітапханасы




*Тоған ауылдық кітапханасы
мектеп ғимаратының
25 кв.м көлеміне орналасқан.*


Тоған ауылы -1972 жылы құрылып, алғашқы атауы – Гидроузел болса керек. Киров су қоймасы орналасқан, бұрынғы совхоздың етті мал бордақылау бөлімшесі.

Кейіннен Гидроузел атауы алынып, ауыл “Тоған” деп аталды.

2000 жылы - Мәдениетті қолдау жылына орай кітапхана ашылды. Кітапхана Тоған бастауыш мектебінің ғимаратымен бірге орналасқан. Кітапхананың ашылу салтанатына сол жылдары Ақжайық аудан әкімі Ә.Б. Сәтбаев жеке кітапханасынан қолтаңба қалдырып 50 дана кітап сыйға тартты, сонымен қатар, аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен Мәдениет жылы аясында өткізілген «Кітапханаға кітап сыйлайық » акциясынан жинақталған әдебиеттер беріліп түрлі саладағы 2320 дана әдебиеттен кітап қоры жинақталды. Кітапхана ашылғанынан бастап **Төрешева Әлия** кітапханашы қызметін атқарып келеді. Кітапхана оқырмандарына Еліміздегі болып жатырған жаңалықтарды жеткізуде, Елбасының Жолдауларын насихаттау Заман талабына сай жасөспірімдерді кітап сүйюге, жан-жақты білімді болуға тәрбиелейтін түрлі тақырыпта шаралар ұйымдастырып, жылжымалы кітапхана ашып, ауыл тұрғындарының алдында кітап көрмелер ұйымдастырып, мерзімді басылымдар бетіндегі жаңалықтармен таныстыруды әр дайым ұйымдастырып өткізіп отырады.



Алғабас ауыл округіндегі кітапханалардың 2004-2008 жылдар аралығында мерзімді басылым көрсеткіштері.



1985-2007 жылдар аралығында оқырмандар, кітап қорының орташа есеппен алынған көрсеткіштері.